

Газеттің 80 жылдығына

Балалық арман ақ, нұрдан,
Үміттен үкі тақтырған.
Балапан менің жырыма
Өзіңсің қанат қақтырған.
Айнасы туған өлкемнің
Заманның көшін бақтырған
Оқырмандарын шат қылған.

«Социалистік табысым» -
Қорғаған уақыт намысын.
«Ильич туы» болсаң да
Таныттың тұлпар шабысын.
«Заман» болып өзгеріп,
Егемен елдің қамы үшін
Жаңарғаның тағы шын.

Шежіресі елдің күйінің,
Ормандай ойдың түйінін
Зерделеп, зерлеп сақтаған
Сандығы Сенсің үйімнің!
Нұраның бойын жайлаған
Елімнің өткен күнінің
Шежіресі сенде, биігім!

Аюлы қатпар тасының,
Қарттар менен жасының
Сексен жыл бойы тынымсыз
Күйін шерткен басылым.
Ескендір - аға, Саябек...
Қадыкен қарындашының
Таңбасы қалған асылым!

Өркендеп, өсіп Ұлы Елім,
Мінекей, тағы түледің.
«Шет шұғыласы» атанып,
Жаңғырдың тағы, білемін,
Өзімдей сүйіп түлегім,
Түрленіп атың, түр-өңің
Жасай бер!
Осы - тілегім!

Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ.